

## **Қазақстандық Мәдени Әлеуметтік және Білім Беруді Дамыту Қоры (ҚМӘББДҚ) қорының этика және мінез-құлық кодексі**

Осы этика және мінез-құлық кодексі **Қазақстандық Мәдени Әлеуметтік және Білім Беруді Дамыту Қоры (ҚМӘББДҚ)** қоғамдық қорының (бұдан әрі – Қор) қолданыстағы Қауіпсіздік Саясатына қосымша болып табылады, және осы Этика және Мінез-құлық Кодексі мен Қауіпсіздік Саясатының кез келген бұзылуы елеулі бұзушылық болып табылады және тәртіптік жазаны қоса алғанда жұмыстан шығарылу жазасына әкелуі мүмкін. Барлық қызметкерлер және Қормен байланысты басқада штаттан тыс қызметкерлер осы Этика және Мінез-құлық кодексін оқып, қол қоюы тиіс.

### **Қордың студенті/қызметкері және/немесе онымен байланысты персонал ретінде мен:**

- Қор жұмысымен байланысты барлық студенттер мен қызметкерлердің ар-намысы мен абыройын құрметтеуге;
- қауіпсіз, позитивті ұйымдық ортаны құру және қолдау, ашық қарым-қатынасты, сенімділік пен салауатты қарым-қатынасты ынталандыруға;
- психикалық және физикалық денсаулығымды бірінші орынға қоюға тырысып және студенттерге мұны үлгі қылуға;
- студенттер мен Қор қызметкерлерінің жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқығын құрметтеуге;
- мен білетін жеке ақпарат пен деректерге қатысты құпиялылықты сақтап, конфиденциалді ақпаратты тек білуі қажет тиісті лауазымдағы қызметкерлермен ғана бөлісуге;
- өз таңдауын жасауға, саналы шешім қабылдауға және өз өміріне жауапкершілік алуға үйретуге;
- студенттерді қызметкерлердің оларға деген мінез-құлқында да, басқа студенттермен және қызметкерлермен қарым-қатынасында да ненің қолайлы және ненің қолайсыз екенін бағалай білуге ынталандыруға...

**...СӨЗ БЕРЕМІН!**

### **Қордың студенті/қызметкері және/немесе онымен байланысты персонал ретінде мен:**

- Қор студенттері мен қызметкерлеріне қандай да бір жолмен зиян келтіру немесе қорламауға;
- белгілі бір студентке және/немесе қызметкерге басқаларды қоспай, басқаша қарап немесе оған ерекше қолдау көрсетпеуге;
- қызметкерлермен және студенттермен вербалды және/немесе вербалды емес қарым-қатынаста ұятқа қалдырмай, қорламай, кемсітпей, сексуалдық түрде қорлап, студенттер мен қызметкерлердің өзін-өзі бағалауына нұқсан келтіріп немесе психологиялық, эмоционалдық қорлаудың және/немесе қатал қарау қатігездіктің кез келген түрін пайдаланбауға;

- студенттерді және/немесе қызметкерлерді жынысына, жасына, этникалық тегіне, тіліне, ұлтына, физикалық қабілетіне, саяси және/немесе діни көзқарастарына, әлеуметтік жағдайына, жүктілігіне және/немесе ана болуына, неке және/немесе азаматтық серіктестік қатынастарына байланысты кемсітуге немесе кемсітетін сөздерді қолданбауға;
- студенттерді және/немесе қызметкерлерді өз пайдам үшін пайдалану немесе мәжбүрлеу үшін мәртебемді пайдаланбауға;
- қызметкерлер мен студенттердің аты-жөндерін, телефон нөмірлерін, суреттерді, бейнематериалдарды, құпия құжаттарды, Қор туралы жеке ақпаратты және/немесе кез келген басқа жеке ақпаратты қамтитын құжаттарды олардың тікелей келісімінсіз пайдаланбауға;
- студенттерді жеке көлігімде бір жерге жеткізіп салуға, оларды үйіме шақырмауға немесе жабық бөлмеде студентпен жалғыз болмауға;
- студенттермен және қызметкерлермен кәсіби міндеттеріме сәйкес келмейтін және/немесе кез келген өрескел физикалық қарым-қатынасқа түспеуге;
- кез келген жастағы Қор студентімен немесе қызметкермен жыныстық қатынасқа түспеуге...

### **...СӨЗ БЕРЕМІН!**

Жоғарыда аталған негізгі терминдер мен анықтамалардың толық сипаттамасын білу үшін Қауіпсіздік Саясатын қараңыз. *Кемсітушілік* сөзінің толық сипаттамасын білу үшін Қауіпсіздік Саясатын қараңыз.

**Студенттерге, қор қызметкерлеріне немесе олармен байланысты қызметкерлерге қатысты қорлау, зиян келтіру немесе қудалау туралы алаңдаушылық немесе күдік туындаса, Қауіпсіздік Саясатында *Зиян келтіруге немесе қиянатқа қарсы әрекет ету процедурасын* қарап шығыңыз.**